

Байқау кеңесінің мүшелеріне  
Шымкент қаласының  
білім басқармасының  
«Сағадат Нұрмағамбетов  
атындағы №72 жалпы орта білім  
беретін мектебі» ШЖҚ МКК

**Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов  
атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК Байқау  
кеңесі отырысының күн тәртібіне**

*«Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов  
атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-ның  
Байқау кеңесі хатшысының міндеттерін жүктеу туралы» мәселесіне*

### **ТҮСІНДІРМЕ ХАТ**

#### **Мәселенің мәні:**

Шымкент қаласының әкімдігінің 11.11.2022 жылғы №2314 қаулысына сәйкес Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз құзыреті шегінде кәсіпорын қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы – Байқау кеңесі енгізілді.

Кәсіпорынның Байқау кеңесінің қызметін тиісінше қамтамасыз ету мақсатында байқау кеңесі Хатшысының болуы қажет.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 148-бабының 6-тармағы және 149-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Байқау кеңесінің хатшысы ШЖҚ МКК ның қызметкері болып табылады және Байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне есеп береді, оның отырыстарын дайындауды және өткізуді, отырысқа материалдарды рәсімдеуді қамтамасыз етеді және Байқау кеңесі мүшелерінің отырыстарының материалдарына қол жеткізуді қамтамасыз етуді бақылауды жүргізеді. Байқау кеңесі Хатшысының құзыреті мен қызметі ШЖҚ МКК ның ішкі құжаттарымен айқындалады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта ұйымдық құрылымда және штаттық кестеде Байқау кеңесінің хатшысы лауазымының болмауына байланысты оның міндеттерін кәсіпорын қызметкерлерінің біріне өзінің негізгі жұмысынан босатпай, басқа лауазым бойынша қосымша жұмысты еңбек шартында келісілген өзінің жұмысымен қатар орындағаны үшін қосымша ақы төлеуді жүзеге асыра отырып жүктеу ұсынылады.

Кәсіпорынның Байқау кеңесі хатшысының қызметін жүзеге асыруды кәсіпорынның математика пәні мұғалімі Арыстанова Айгерім Өмірзаққызына Байқау кеңесінің хатшысы лауазымы ұйымдық құрылымда енгізілгенге және оны белгілеген тәртіппен Байқау кеңесі тағайындағанға дейінгі мерзімде уақытша жүктеу ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде кәсіпорынның Байқау кеңесіне кәсіпорынның Байқау кеңесі хатшысының міндеттерін жүктеуді қарастыру және қоса берілген жобаға сәйкес шешім қабылдау ұсынылады.

Мәселені шығарудың негізі:

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 149-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына және кәсіпорын жарғысының 10.11-тармағының 7 тармақшасына сәйкес байқау кеңесінің өкілеттіктеріне Байқау кеңесі Хатшысының өкілеттік мерзімін және жалақы мөлшерін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жатады.

*Қосымша: Байқау кеңесі шешімінің жобасы*

Мектеп директоры



Б.Н.Усманов

**Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінің**

*«Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-ның Байқау кеңесі хатшысының міндеттерін жүктеу туралы» мәселесі бойынша*

**ШЕШІМІ**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 111-бабына, Қазақстан Республикасы Заңының 149-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес «Мемлекеттік мүлік туралы» және Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК жарғысының 10.11-тармағы 7тармақшасымен Байқау кеңесі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1) Кәсіпорынның Байқау кеңесі хатшысының міндеттерін орындау Кәсіпорынның математика пәні мұғалімі Арыстанова Айгерім Өмірзаққызына белгіленген тәртіппен кәсіпорынның хатшысы тағайындалғанға дейін жүктелсін.
- 2) Байқау кеңесі хатшысы 30% (отыз пайыз) мөлшерінде 25000 теңге қосымша жұмысты орындағаны үшін Арыстанова Айгерім Өмірзаққызына қосымша ақы төлеуді жүзеге асыру.
- 3) Кәсіпорын директоры белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

**Мектеп директоры**



**Б.Н.Усманов**